

"Әсем" бөбекжай-бақшасында ата-аналарға арналған кеңес беру пунктінің хабарламасы.

Қаңтар айы

"Әсем" бөбекжай-бақшасында ата-аналарға арналған кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары бойынша «Сүйкімді балапан» (саусақпен бояу) моторикаларын дамыта отырып түрлі суреттерді бояу.

Өткізген балабақша тәрбиешісі Ж.Тажаяқова

Ақпан айы

«Секіру» балалармен қимыл-қозғалыс ойындары

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.

Өткізген балабақша тәрбиешісі Л.Масжанова

Наурыз айы

«Ана өмір гүлі»

Мақсаты: Ананың еңбегін ақтау, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп сыйлауға тәрбиелеу. Балалар аналарын қалай жақсы көретіні туралы жарыса айтты.

Өткізген балабақша тәрбиешісі: А.Қамбарова

Сәуір айы

«Күлкімен өткен әрбір күн жарық» (баланың эмоционалдық жағдайы) баланың эмоционалдық жағдайын анықтау бойынша ата-аналар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Мамыр айы

«Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріндегі ертегінің ролі»

Мақсаты: Ертегілер әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды рөл атқарып келген. Себебі, ертегілердің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы бейнеленген. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға отан сүйгіштік, еңбексүйгіштік, тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ертегілер мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін жетілдіреді.

Қыркүйек айы

"Әсем" бөбекжай-бақшасында ата-аналарға арналған кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары бойынша «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: балабақшамен ата-аналар арасындағы өзара сенімді қатынасты нығайта отырып, балаларды балабақшаға бейімдеу. Жалпы балабақша бойынша 10 ата-ана кеңес алады.

Қазан айы

Балабақшада ата-аналарға арналған консультациялық пункттерді ұйымдастыру бойынша «Достар әлемі» атты тақырыпта ата-аналармен бірге бақшамызға саяхат өткізілді.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйінде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Ата-аналарға балабақшадағы балалардың өмірі, режимдік сәттері, оқу іс-әрекеттер, ойындар туралы ішкі өмірімен таныстырылады. Басшының рұқсатымен ата-аналар топтарға, музыкалық залына, психолог кабинетін, әдістемелік кабинетін, асхана мен медициналық блокты аралап көріп танысты.

Қараша айы

Балабақша медбикесі А.Егізбаева балаларға «Дәрумендердің пайдасы» туралы ақпарат беріп, адам ағзасына пайдасы туралы айтты.

Дәрумендер – адам ағзасының денсаулығы мен дұрыс жұмыс істеуі үшін өте маңызды қоректік заттар. Олар зат алмасу, өсу және даму, иммундық жүйені қолдау, энергия өндіру және басқалар сияқты көптеген процестерге қатысады.

Кейбір маңызды витаминдер және олардың ағзаға пайдасы:

- А дәрумені: көруді жақсартып, тері мен шырышты қабықтың саулығын сақтайды, иммундық жүйені реттеуге қатысады.
- С дәрумені: иммундық жүйені нығайтады, тері мен дәнекер тіннің денсаулығына ықпал ететін коллаген синтезіне қатысады, зиянды бос радикалдармен күресуге көмектеседі.
- D дәрумені: сау сүйектер мен тістерге қажет, қандағы кальций деңгейін реттеуге қатысады, иммундық жүйені қолдайды.

Балабақша тәрбиешісі С.Сариев «Баланың дамуы мен тәрбиесіндегі ертегінің рөлі» ертегіден үстел үсті қойылымдар көрсетті.

Мақсаты: Ертегі арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын қалыптастыру.

Желтоқсан айы: «Асық ұлттық ойыны»

Мақсаты: Асық ойыны баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйлыстыққа тәрбиелеген

Қазақтың ұлттық ойындарының бірі – асық ойыны. Бұл ойын ертеден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың қолданысында келе жатқан көне ойын түрі. Ерте кезде әр қазақтың балалары мен жастарының бас қосуының негізінде асық ойыны ойнатылатын..